

3-дәріс. IT аудит және ондағы бақылауға қатысты шаралар

Сұрақтар:

1. IT аудиттегі шаралар. Қазақстандағы IT аудит туралы
2. Бақылаудың мақсаты мен оның аудиторлық тексерістің жалпы мақсаттарымен өзара байланысы. Ішкі бақылаудың элементтерінің құрылымы.
3. Мәліметтерді өндөудің аудиті. Құжаттық ресімдеу.



АТ-саласы аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету, әртүрлі техникалық сүйемелдеу салаларын, АЖ әзірлеу, енгізу, сүйемелдеу процестерін және т.б. қамтиды,

АТ саласы инфрақұрылымдық және сәulet шешімдерін талап етеді, функционалдылықты, инциденттерді, релиздерді және пайдаланушылардың етініштерін басқаруды қажет етеді.

Бұл үшін АТ саласындағы құзыреттер және әртүрлі нормативтік талаптарды білу қажет.



Нарық АТ-аудит бойынша әртүрлі ұсыныстарды қалыптастырады:

техникалық, инфрақұрылымдық, кешенді, операциялық, мақсатты, ақпараттық жүйелердің аудиті, бизнес-процестердің ат-аудиті, ақпараттық қауіпсіздік және т.б.
Аудиторлар АТ саласындағы мәселелердің кең ауқымын шешеді.

Аудитті жүргізу барысында ұйым қызметін, ішкі жүйелерін, процесстерін, жобаларын немесе өнімдерін тәуелсіз түрде бағалау рәсімі жүргізіледі.

Аудит нәтижесінде:

- ✓ аудит нысандарының жай күйі мен мазмұны, меншік нысаны мен қызмет түрлеріне қарамастан компаниялардың қоғамдар мен басқа да шаруашылық жүргізу субъектілерінің қызметтері мен жағдайларының дұрыстығы мен толықтығы;
- ✓ субъектілердің инновациялық жобаларды жүзеге асыруға қатысу жөніндегі мүмкіндіктері, кәсіпорындардағы АТ қорының дұрыс қолданылуы;
- ✓ ресурстар мен инновациялардың мақсатқа сай пайдаланылуы;
- ✓ жай-күйі жөнінде аудиторлық қорытынды жасалады



...

2. Бақылаудың мақсаты мен оның аудиторлық тексерістің жалпы мақсаттарымен өзара байланысы. Ишкі бақылаудың элементтерінің құылымы.

Бақылау ортасы – бұл субъект басшылары мен иелерінің бақылауға деген жалпы қатынасын білдіретін шаралар мен реттемелер және ішкі бақылау жүйесін қалыптастырады.

Бақылау ортасы кепесі компоненттерден тұрады:

- экономикалық субъектіні басқару стилі;
- экономикалық субъектінің үйімдік құрылымы;
- қызметтік міндеттер мен өкілеттіктерді бөлу;
- **бақылаушы қызмет және ішкі аудит;**
- кадрлық саясат.